

БЕКІТЕМІН:
«Керемет» бастауыш мектеп-
балабақша кешенінің
менгерушісі *А. А. Суйкимбаева*

**«Ертегілер әлемі» қатынастық бағыттағы
вариатив жұмыс жоспары
(Мектеп алды даярлық топтар үшін)**

**Түркістан қаласы
2021 оқу жылы**

**«Ертегілер әлемі»
Вариативтік компонент**

р.

Түсіндірме хат

Мектепалды топқа арналған таңдау курс бағдарламасы «Ертегілер әлемінде» деп аталады. Ертегілер балалардың ойын, қиялын, сөйлеу тілін дамытуда үлкен роль атқарады. Сондықтан мектепалды топ тәрбиеленушілері үшін ертегілерді оқытудың маңызы зор.

«Ертегілер әлемінде» таңдау курсына қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайындағы ертегілер қамтылған. Балалардың қабылдануына жеңіл, оқиғасы қызықты ертегілер таңдап алынды.

Балалар ертегілерді рөлдерге бөліп, сахналайды. Ертегіні кою барысында балалар әр түрлі құралдарды пайдаланады, басқа да ойыншылармен қарым-қатынасқа түседі. Рөлін іс-әрекетпен, сөйлеумен, мимикамен, пантомимикамен білдіреді.

«Ертегілер әлемінде» бағдарламасы мектепалды топ балаларының тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп және оны мектепке дайындауға бағытталған.

«Ертегілер әлемінде» бағдарламасының жарты жылдық жүктемесі 20 сағатқа құрылған. Апталық жүктемесі - 1 сағат.

Бағдарлама 5 жас аралағындағы балаларға арналып ұсынылған. Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Пікір

Мектепалды топ балаларының сөйлеу мәдениетінің, ойлау қабілетінің дамуына баса назар аударған жөн. Осы орайда бүгінгі таңдағы балаларды жетелеп, ой-өрісін ашуға, дамытуға ертегінің маңызы зор.

«Ертегілер әлемінде» бағдарламасын енгізу бүгінгі күн талабы болып отыр.

«Ертегілер әлемінде » таңдау курс бағдарламасын тәрбиеші зерттеп, талқылап керекті ертегілерді балалардың жас ерекшеліктеріне сай алған. Қатынас саласы бойынша мақсат-міндеттері айқындалып, зерттеліп, ойын элементтерінің құрылымына сәйкес жазылған.

Бұл бағдарламада балаларды сахналап, рөлдерге бөліп жұмыс жасау дағдыларында көрсете білген. Бұл ертегінің тәрбиелік мәні зор, өмірімен байланыстырылып, адамгершілікке, мейірімділікке баулиді, үйретері мол.

Бұл бағдарламада алынған ертегілер бір-біріне ұқсастығы жоқ. Бірі достық туралы болса, ал бірі жақсылық пен жамандық, айлакер, қулық туралы, ал бірі байлық, денсаулық және еңбек туралы ертегілер.

Бағдарлама көзделген мақсатқа сай баланың жеке басын қалыптастыра отырып, балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ертегі арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

Максаты: балаларды топтастырып, бірге ертегіні сахналауға, рөлдерді орындауда икемділік, шынайлық, бірлесіп әрекет етуге үйрету, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.

Міндеттері: Топпен жұмыс жасауды, өзіне жүктелген міндеті толық атқаруды, бастаған істі төзімділікпен аяқтауды. Балалардың әлеуметтік ортада бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасаудың дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтиже: - Ертегі кейіпкерлерінің рөлін орындауға икемді болуды дамытып, өзінің жеке тілектестігін көрсетеді.

- Ертегі барысын үнемі өзгертіп, ауыстырып, мүмкіндігін қамтамасыз етіп отырады.
- Ойыншылардың арасында жолдастық қарым-қатынас қалыптастырады.
- Ертегіде бала шығармашылыққа еркіндік береді.

Бағдарламаның мазмұны: Ертегі кейіпкерлері мен жануарлардың түрлерімен таныстыру. Табиғат және жануарлар тірішілігі, олардың мінезі мен қылықтары туралы түсіндіреді. Онда балалар қоршаған орта, табиғат, жануарлар мен тұрмыста көретіндерінің барлығын рөлдерде ойнап шығады. «Ертегілер әлемінің » бағдарламасы жарты жылға арналған.

Мектеп алды даярлық тобы

№	Тақырыбы	Максаты	Сағат саны	Күні
1	«Ақылды етікші»	Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.	2	Қыркүйек 1-2 аптасы
2	«Алтын балта»	Балаларды тиянақтылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2	Қыркүйек 3-4 аптасы
3	«Уәзір мен шал»	Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырата білуге тәрбиелеу.	2	Қазан 1-2 аптасы
4	«Қасқыр мен егінші»	Тапқырлыққа, ойын ұшқыр болуына тәрбиелеу.	2	Қазан 3-4 аптасы
5	«Тапқыр қоян»	Еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.	2	Қараша 1-2 аптасы
6	«Түлкі мен ешкі»	Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сыйпаттап, мазмұндаудағы еңбегін бағалау.	2	Қараша 3-4 аптасы
7	«Патша мен бұлбұл»	Балаларды шығармашылыққа тәрбиелеу, жақсылық жасауға баулу.	2	Желтоқсан 1-2 аптасы
8	«Үш аю»	Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.		Желтоқсан 3-4 аптасы
9	«Алтын балық» ертегісі	Су асты тіршілік иелері туралы түсінік беру, зейінін дамыту	2	Қаңтар 1-2 аптасы
10	«Ұр тоқпақ» ертегісі	Балаларға үлкенді тыңдауды, сыйлауды үйрету. Рұқсатсыз кісінің затына тиісуге болмайтындығын, бойларына сіңіру. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	2	Қаңтар 3-4 аптасы
11	«Қызыл телпек» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру.	2	Ақпан 1-2 аптасы
12	«Бауырсақ » ертегісі	Өзара сүйіспеншілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу	2	Ақпан 3-4

13	«Жеті лак» ертегісі	Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру.	2	аптасы Наурыз 1-2 аптасы
14	«Макта кыз бен мысық» ертегісі	Сөздік қорын молайту, үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	2	аптасы Наурыз 3-4 аптасы
15	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	Достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	2	Сәуір 1-2 аптасы
16	«Үйшік» ертегісі	Ертегі арқылы қайырымды, мейірбан болуға тәрбиелеу.	2	Сәуір 3-4 аптасы
17	«Шалқан» ертегісі	Балаларға ертегі туралы түсініктерін кеңейтіп, айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту.	2	Мамыр 1-2 аптасы
18	Қорытынды	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жақсылық жасауға, достыққа, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.	2	Мамыр 3-4 аптасы
Барлығы:			28	

Пайдалынған әдебиеттер тізімі:

1. Көркем әдебиет, әдістемелік құрал «Аруна» баспасы
2. «Ертегі сыр шертеді» балаларға арналған ертегілер жиынтығы.
3. «Отбасы және балабақша» журнал, 2010-2014ж.
4. Мектепке дейінгі білім-тәрбие әдістемесі, № 1,2 2014ж.
5. «Зерек бала» мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламыс. Астана, 2009ж.
6. Үй жануарлары Ж.Қалжанова Аруна, баспасы
7. Отбасы және балабақша Журнал
8. Ерте, ерте, ертеде Журнал Педагогика пресс

Балдыр

Ақылды етікші

Бұрынғы өткен заманда бір патша болған екен. Оның әрбір тәртібін халқы екі етпей уақытымен орындап тұрады екен. Бір күні бұл патша: «Менің әркашан халық пайдасына еткен әмірім орнына нақпа-нақ келіп тұрады және халқым да мені жақсы көреді. Сондықтан да мен олардың пайдасын ойлаймын. Енді мен осы халқыма зиянды бір әмір таратайын. Халқым тыңдап, орнына келтірер ме екен? Жоқ, келтірмес пе екен?» - деп ойлап уәзірлеріне:

- Халыққа тегіс хабарландырыңдар: «Ешкім басына пайда қылмасын!» - деп, әмір қылады. Бұдан соң уәзірлер бұл әмірді халыққа естіртіп болып, патшаға:

- Халқыңыз әміріңізді нақпа-нақ айтқаныңыздай орнына келтіретін болды, - дейді. Патша уәзірлеріне еш жауап айтпайды. Түн болған соң үстіне бөтен, ескі киім киіп, әмірінің қалай орындалғанын көру үшін көшеде жүрсе, шеттегі бір үйде шам жанып тұр екен. Патша қайыр сұраған кісі болып, шам жанып тұрған үйге келсе, үйдің ішінде бір етікші етік тігіп отыр екен. Етікші қайыршыны көріп тұра келіп, бір кішкене нан береді. Сонда қайыршы:

- Сен патшаның әмірін тұтпаған не қылған адамсың? «Ешкім басына пайда қылмасын және шам да жақпасын», - дегені қайда? - дейді. Сонда етікші: «Сенің онда не жұмысың бар? Сондай әмір қылып отырған патша да ақымақ. Себебі, мен жарлы адаммын. Күнде төрт теңге пайда қыламын да, төрт теңге зиян қыламын. Міне, мен сонымен күн көріп отырмын. Патша ақылды болса, осыны білер еді», - дейді. Патша бұған жауап қайтармастан үйіне келеді де, ақылды төрт уәзірін шақырып алып: Сіздерді басқалардан ақылы көп деп, өзіме уәзір қылып едім. Енді менің сіздерден сұрайтын сауалым бар. Күніне төрт сом пайда, төрт сом зиян қыламын. Сол пайдам мен зияным не? Үш күн ішінде соны табыңдар. Таба алмасандар, бастарыңды аламын! Өздерің таппасандар да табатын кісі тапсандар, жазадан құтыласыңдар! - депті. Уәзірлер үш күннің ішінде өздері де шеше алмай және табатын кісі де таба алмаған соң, енді патшаға көрінбей, қашпақшы болып жүргенде, баяғы етікші уәзірлерге келіп:

- Мен патшаның сұраған сауалын тапсам, сіздер маған не берер едіңіздер? - дейді. Уәзірлер төрт мың ділда бермекші болады. Етікші уәзірлерден төрт мың ділданы санап алып, олармен бірге патшаға барады да:

- Таксыр, мен етік тігіп, әр күні төрт сом пайда, төрт сом зиян қылам. Ол былай: бір сомды қарызға беремін. Бір сомды ескі қарызымды төлеуге беремін, бір сомды құдыққа тастаймын, бір сомды әйеліммен екеумізге жұмсаймын, - депті.

Сонда патша:

- Әйелінмен екеуіне жұмсалған акшаға бәріміз де түсінеміз, қалған үш сомның жұмсалған орнын анықтап түсіндір, - депті. Бұл сөзге етікші былайша жауап қайырыпты:

- «Бір сомды қарызға беремін», - дегенім: «Қартайғанда өзімді асырар», - деп балама беремін. «Бір сомды ескі қарызыма беремін» - дегенім: өзімді жасымда асыраған кәрі әкем мен шешеме беремін. «Енді бір сомды құдыққа тастаймын» - дегенім: күйеуіне тұрмай, қайтып келіп отырған қызым бар, соған беремін дегенім, - депті. Сонда патша: «Бұл етікші ақылды адам екен», - деп, өзіне уәзір қылған екен.



Ертеде бай мен кедей көрші болады. Кедей диірменге барса, байдын балтасын сұрап алады. Бір күні кедей диірменге барып балтасын ағып жатқан диірменге түсіріп алады. Ол диірменшіге балтамды алып бер дейді. Ол қолын диірменге салып бір алтын балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жок. Бұл менің балтам емес» дейді. Диірменші екінші рет қолын салғанда, күміс балтаны алып шығады. Сонда диірменші оған «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жок. Бұл менің балтам емес» дейді. Сонда диірменші үшінші қолын салғанда бір ағаш балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Сонда кедей «Йа, осы менің балтам» дейді. Сонда диірменші «Пейілің таза адам екенсің. Сондықтан мына алтын балтаны ал!» дейді. Ол үйіне барып, не болғанын айтып береді. Балтаны ағып жатқан диірменге қалай түсіргенін айтады. Бай кедейдің айтқанының бәрін қайталап істейді. Ол балтасын суға түсіріп, диірменшіге балтамды алып бер дейді. Сонда диірменші алтын балтаны алып шығады. Ол байдан «Мынау ма сенің балтаң?» дейді. Сонда бай «Менің балтам!» дейді. Диірменші оған «Өтірік айтпа, мынау сенің балтаң емес!» деп өзінің ағаш балтасын береді.

Уәзір мен шал

Сейпін деген хан болыпты. Ханның Мүбәрак дейтін уәзірі болыпты. Ханның уәзірі ханға айтыпты:

— Ханда 40 кісінің ақылы бар дейді, егерде сізде 40 кісінің ақылы бола тұрып, дау болса, жаңжал болса бізге неге жолдайсыз, өз бетіңізбен неге бітіріп жібермейсіз? Бізбен неге ақылдасасыз? — депті. Сонда хан айтыпты:

— Ханда 40 кісінің ақылы бар екендігі рас. Бірақ бір жерде Самыр деген шал бар, сол шалда 40 ханның ақылы бар. Сол шалды мұнда қонаққа шақырып кел, — депті хан уәзірге. Мүбәрак Самыр шалды қонаққа шақырып әкеліпті.

Хан шалдың тамағын беріп сыйлап отырады. Уәзір отырып: «Бұл жаман шалдың қандай қасиеті бар, мынау жеті руды билеген хан, ал анау шал — кедей», — деп ішінен ойлап отырыпты. Хан шалға айтады: «Мен сізге таңертең бір құс жіберемін, сол құсымның екі жақ қанатын жұлып, тазалап жібергейсіз», — депті. Уәзір не деген сөз екендігіне түсінбей қалыпты. Шал ханға айтыпты: «Хан, мен беске бірді қосып алтау қылып таңертеңнен кешке шейін алтын соққанда отыз екіге жеткізе алмай жүрмін-ау!» — депті. Уәзір тағы не деген сөз екендігіне түсінбей қалады. Шал кетеді. Үш күннен соң хан уәзіріне: «Шалға қонаққа барып кел», — депті. Уәзір келсе жаман үйі бар, үсті-басы күйе-күйе шал барын береді, кеңесіп отырады. Самыр шалға уәзір айтады: «Сізге менің бір сұрауым бар», — дейді. Шал «сұраңыз» дейді.

— Кеше сізге хан: «Таңертең бір құс жіберем, сол құсымның екі жақ қанатын жұлып тазалап жібер», — деп еді, сол не сөз?» — дейді. Шалдың сөзі: «Балам, мен кедей адаммын ғой, сонымен күн көріп отырайын, бір қалта алтын берсең, шешіп беремін ғой!» — депті. Уәзір бір қалта алтын беріпті. Уәзір «Тағы бір сұрауым бар» депті. Шал: «Сұра, балам», депті. «Сіз кеше ханға беске бірді қосып алтау қылып таңертеңнен кешке шейін алтын соққанда отыз екіге жеткізе алмай жүрмін-ау»

деген сөзіңізге түсінбей қалдым-ау», — депті. Шал: «Балам, мен кедей адаммын ғой, ақылыммен күн көріп отырған, бір қалта алтын берсең, шешіп беремін ғой!», — депті. Тағы бір қалта алтын беріпті. Сонда 40 ханның ақылы бар деген шалдың шешкені: «Балам, осы саусағым нешеу?» депті. Бесеу ғой! Соған бірді қосшы, нешеу болады?»

— Алты болады.

— Ендеше, таңертеңнен кешке шейін жұмыс істегенде тапқан-таянғаным ішіп-жеуіме жетпейді деген сөзім еді. Ал ханның «Таңертең бір құс жіберемін, сол құсымның екі жақ қанатын жұлып тазалап жібер» дегені ол мынау: — құс сен, екі қалтаңды тазалап сыпырдым ба? Енді жүре бер, — депті шал ханның уәзіріне. Сонда барып уәзір шалда 40 ханның ақылы бар екендігіне сенген екен.

Қасқыр мен егінші

Бір қасқыр тамақ іздеп келе жатып, құрулы тұрған қақпанға түсіп қалады. Олай жүлқынып, бұлай жүлқынып зорға құтылады. Қашып бара жатқанында оны аңшылар байқап қалып, сонынан тұра қуады. Қасқыр саскалақтап бір егіншіге келіп жайын айтады: Қайтсең де мені құтқар, жақсылығыңды еш ұмытпаспын, мені қабыңа салып, жасыра тұр,- дейді. Қасқырдың мүшкіл халін көрген егінші оны қапқа салып алып, арқалап жүре береді. Кешікпей, мылтық, қылыштарын жаркылдатып аңшылар жетеді. Қашып бара жатқан қасқыр көрмедің бе? – деп сұрайды олар. Жана бір қасқыр анау шоқыдан әрі асып кетті, тезірек ұстандар,- дейді. Аңшылар ұзаған соң егінші қаптың аузын шешіп, қасқырға «жөніңе бар, кейін маған бір жақсылық етерсің» дейді. Қасқыр қуанып секіріп шығып, егіншіге: Мен сені жеймін, қарным аш, - деп тап береді. Егінші байғұс саскалақтап: Әй, қасқыр, мұның қалай, мен сені өлімнен құтқардым ғой? Жақсылыққа жамандық ете ме екен? Олай болса төрелігін біреуден сұрайық, қайсымыздікі жөн екен,- дейді. Екеуі керісіп тұрғанда бір жақтан қаңғалақтап түлкі келеді. Бұлар түлкіге оқиғаны бастан-аяқ айтып береді. Түлкі: Жоқ сөзді айтпаңдар, менен басқа біреу естісе күліп жүрер. Дорбаға үлкен қасқыр сыйды дегенге нанбаймын, барып тұрған өтірік,- дейді. Қасқыр мен егінші «бұл рас» деп керісіп болмайды. Түлкі қасқырға: Қапқа кіріп көрсетпесең, сенбеймін,- дейді. Қасқыр оны сендірмекші болып қапқа кіргенде, түлкі егіншіге: Байла қаптың аузын, енді қимылдайтын кезің келді. Күзде егінді қалай орып жүрсің? Кәне, көрсетші маған, - дейді. Егінші құралын алып, қасқырды ұра бастайды. Біраздан соң түлкі: Егінші, енді қаптың аузын аш, - дейді. Сонда қасекен атып шығып, алды-артына қарамай зыта жөнеледі. Артынан түлкі: Көптен бері тапқан бір әдісім еді, - деп сак-сак күліпті. Сөйтіп, егінші байғұс түлкінің айласымен ажалдан құтылыпты.

Тапқыр қоян

Бірде орманда аңдардың патшасы арыстан бәйге жариялапты. Ол бір қазан суды қайнаттырып:- Осы суды кім ішіп қойса, көп сыйлық берем, - деген шарт қойыпты. Көп сый-сияпаттан дәмеленіп, бақтарын сынап көргісі келген аңдар бірінен соң бірі келеді. Қанша өжеттенсе де, олардың қай- қайсысының да қайнап тұрған суды ішуге батылдары бармапты. Ең соңында ойнақтай басып қоян келеді. Ол қып-қызыл шокта тұрған қазанды көтеріп алады да:- Суды ыстықтай ішуді жақсы көремін, - деп жан-жағына қарайды. - Ендеше, іше-ғой, - дейді аңдар аң-таң қалып. Аңдардың бәрі қоянның не істейтінін көздерімен көруге асығады. Қоян ұзыннан-ұзақ қаз-қатар тізіліп тұрған аңдарды жағалай жүріп: - Мінеки, достарым, мынау ыстық су. Көздеріңмен көріңдер, сенбестік танытып жүрмеңдер, - деп бас-басына көрсетіп шығады. Қоян аңдарды басынан аяғына дейін аралап шығып, бәріне бірдей көрсетем дегенше қазандағы су суып қалады. Ал қулығын асырған тапқыр қоян суып қалған суды басына бір-ақ көтеріп, сіміріп салады. Таңданған аңдар ауыздарын ашып, көздерін жұмады. Тіпті олар қоянға қызыға қарай бастайды. Алданған аң патшасы арыстан қоянға көп сыйлықтар беріпті. - Міне, нағыз ер! – деп мақтапты. Сөйтіп, небір айлалы аңдардан асып түскен тапқыр қоян көп сыйлыққа ие болып, қуанышы қойнына сыймаған екен.

Түлкі мен ешкі

Бір күні түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда терең апанға түсіп кетіпті. Ары секіріп, бері секіріп, апаннан шыға алмапты. Бір уақытта ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға кез болыпты. Түлкіні көріп: Түлкі батыр, онда не қылып тұрсың?-Ооо, теке, жаным жай тауып раһаттанып тұрмын. Қырдан шөлдеп, әрі ыстықтап келіп едім. Апанның іші салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен,- депті. Мұны естіп ешкі: «Мен де салқындайын, әрі су ішейін», – деп, апанға секіріп түсіп кетіпті. Сонда қу түлкі секіріп, ешкінің үстіне мініп, мүйізіне табан тіреп, далаға секіріп шығып кетіпті. Осылай түлкі жөніне кете беріпті. «Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» деген сөз осыдан қалыпты.

Патша мен бұлбұл

Бұрынғы өткен заманда бір патша болыпты. Оның сарайы әлемдегі ең көркем, зәулім сарайлардың бірі болыпты. Бірақ патша өз иелігіндегі салтанатқа аса мән бермейтін бейбақ бір патша болыпты. Сарай маңында сарайдың әсемдігімен жарысқан, әлемдегі ең әдемі гүлдер өскен үлкен бір бау-бақша болыпты. Халықтың айтуынша, ең ғажабы – сол бақшада мекендейтін бір бұлбұл болыпты. Сондай әдемі дауыспен сайрайтын бұл құстың атақ-даңқын естігендер ұзақ елдерден де келіп көруге асығатын болыпты. Бір күні бұлбұлдың даңқы патшаның да құлағына жетіпті. Алайда патша бұл хабардан хабарсыз болғанына қатты ашуланып, уәзірін шақырып: - Бұл қалай болғаны!? Неге менің хабарым жоқ сарай бақшасындағы бұлбұлдан? – депті. Уәзір оған жауап бере алмапты. Өйткені оның да бұлбұлдан еш хабары болмапты. Дереву бағбанды шақыртып: - Сарайда әлемге танымал бұлбұл бар екен, неге айтпайсың бізге? – десе, бағбан: - Ғафу етіңіз, мырзам, - депті. Оған уәзір: - Тез арада маған оны тауып әкел! - деп айқай салыпты. Бағбан барлық жерді іздестіріп, сұрастырса да бұлбұлды еш таба алмапты. Содан уәзір бір шарасын тауып, патшаға: - Бұл біреулердің ойдан шығарған әңгімесі болуы керек! - десе, патша одан сайын ашуланып: - Жок, олай болуы мүмкін емес! Маған бұл хабарды сенімді адам жеткізді. Дереву бұлбұлды тауып әкеліңдер немесе барлығыңды жазаландырамын!», - депті. Сарайдың асханасында жұмыс істейтін қызметші қыз бағбанға келіп: - Іздегендіріңізді бұл жерден таба алмайсыздар, қаласаңыздар мен сіздерді оның жанына ертіп алып барайын», - депті. Мұны естіп қуанған сарай қызметкерлері дереву бұлбұл мекендейтін тоғайға қарай жол тартыпты. Бұлбұл тұратын жерге келгенде, қыз: «Кішкентай бұлбұл», - деп айғайлапты. Бұлбұл бір ағаштың бұтағынан көрінген кезде: - Патшамыз сені көргісі келіп, дауысыңды естігісі келіп жатыр. Егер бізбен бірге бармасаң, патшамыз барлығымызды жазаландырады», - депті. Бұлбұл оған келісімін беріпті. Жолай оның әсем дауысын тыңдап, барлығы сарайға келіпті. Сөйтіп патшаның құзырына шығып, бұлбұл әдемі дауысымен ән шырқай бастапты. Дауысынан әсерленген патшаның көзінен жас парлапты, әрі жүзіне қуаныш ұялапты. Патша бұлбұлға: - Менен не тілеуің бар, айт! - депті. Сонда бұлбұл: - Мен үшін ең үлкен сый – сізге қуаныш сыйлау, - деп жауап беріпті. Баршаның сүйіспеншілігіне қауышқан бұлбұл сарайдағылардың асыл тәжіне, бағдәулетіне айналыпты. Бұдан былай сарай бақшасына орналасып, үнемі әсем дауысымен патшаға ән шырқайтын болыпты. Ел тұрғындары бұлбұлдың әндерін тыңдау үшін сарайдың айналасына жиналып тұратын болыпты. Бір күні патшаға бір сыйлық сандығы келіпті. Ішін ашып қараса, құнды гаухарлармен, асыл тастармен безендірілген ойыншық бұлбұл шығыпты. Шыныдан жасалған бұл ойыншықтың төбесінде бұрандалы кілті болыпты. Кілт бұралғанда шынайы бұлбұлдың дауысы шығатын болыпты. Уақыт өте келе шынайы бұлбұл патша тарапынан өзіне назар аударылмай

калғанына ренжіп, бір ыңғайын тауып сарайдан ұшып кетіпті. Күнде әсем үнімен сайрап жүрген ойыншық бұлбұл бір күні бұзылып қалыпты. Бұлбұлдың дауысына үйренген патша сол кезде ғана шынайы бұлбұлдың жоқтығын сезініп, оған әділетсіздік жасағанын ұғыпты. Қайғысынан наукастанып, төсек тартып жатып қалыпты. Күн өткен сайын жағдайы нашарлап, халық та қатты кам жепті. Оның шарасыз күйін көрген жұрт жағдайының жақсармайтынын ойлап, жаңа патша тағайындауға бел байлапты. Патшаның сырқаты және жаңа патшаның тағайындалу хабары сарайдан ұшып кеткен бұлбұлдың құлағына да жетіпті. Патшаның өзін жақсы көретінін, істеген ісіне өкінетінін естіген бұлбұл оған көмектесуге шешім қабылдап, дереу патшаның жатқан бөлмесінің терезесінің алдына ұшып келіп, әсем дауысымен ән шырқай бастапты. Төсегінде жатқан патша бұлбұлдың дауысын естіп, қайта өзіне келе бастапты. Таңға жуық патша аяғынан тұрып, ауруынан жазылып кетіпті. Патша өзін емдеген бұлбұлдың әсем дауысы екенін біліп, бұдан былай оны әрдайым жақсы көретінін айтыпты және бұлбұл да анда-санда келіп ән шырқап тұратынына сөз беріпті.


Үш аю

Ертеде қалың тоғай ішіндегі үлкен бір үңгірде үш аю тұрыпты. Олар түнімен тоғайды аралап, күн ысыған кезде үңгірге кіріп жатады екен. Ең ірісі және мықтысы ақ төс аю болыпты. Қазандай тасты допша домалатып ойнайды екен. Күштілігіне мақтанып, кішкене аңдарға маза бермепті. Бір күні түлкі мен қасқырды ұстап алып әлім жеттік көрсетіпті. Сонда қасындағы екі аю:

- Қойсаңшы, әлсіздерге күш көрсеткенің жақсы әдет емес, - дейді. Сонда ақ төс аю:

- Олар мені сыйлап жүремін десе ғана босатамын, – деп кекетіп қыса түседі. Жандары қиналған түлкі мен қасқыр; - Ағатай жіберіңізші, сыйлап жүретін боламыз, – деп өтінеді. Аю оларды жіберіп, өзінің бұл әрекетіне әбден риза болған күйі тоғайды жалғыз аралауға кетеді. Кешке таяю алдынан бір топ қасқыр шығып таламақшы болады. Зәресі ұшқан аю әрең қашып құтылады. Алдынан түлкі шығып жағдай сұрап, жаны ашығандай болып, былай жүріңіз деп жол көрсетеді. Оған сенген аю түлкінің соңынан ерем деп балшыққа күмп етіп құлап түседі. Сонда түлкі: — Сен ана жолы маған жазықсыз жәбір көрсетіп едің, сол үшін сазайыңды тарткыздым, — деп кетіп қалады. Өз ісіне ұялған ақ төс аю басын төмен салбыратып үңгірге келіп достарынан кешірім сұрайды. Сөйтіп ақ төс аю, күшті бола әлсіздерге әлім жеттік жасау дұрыс емес екенін түсінген екен.

АЛТЫН БАЛЫҚ



Баяғы заманда Бағдат шаһарында жоқшылықпен күні өткен бір кемпір мен шал тұрады екен. Олардың ортасында сегіз жасар жалғыз ұл баласы болыпты. Кемпір үй ішімен айналысады да, шал ау тартып, азын-аулақ іліккен балықты талшық кып тағам етіп күнелтеді екен. Бір күні баласы:

- Әке, мен де ау салуды үйренейін, бүгін мені жібер, - деп өтінеді. Шал мен кемпір жалғызы әлдеқалай суға түсіп кете ме деген қауіппен рұқсат етпесе де, бала жылап- еңіреп қоймағансын, «барсаң бар» дейді. Бала қуанып кетеді. Кешкісін құрған ауына ертесімен барып қараса, бір алтын балық оралып тұрады. Бала қуанғанынан не істерін білмейді. Үйге жеткенше жүгіреді. Баласының алтын балық әкелгенін көргенде, қуанған кемпір мен шал тұра жүгірісіп, біріне-бірі соғылысып құлап та калады. Шал балықты алып шаһардың патшасына жүгіреді. Патша сарайының күзетшілері оны сарайға кіргізбей әуре жасайды. Ақырында «патшаға тарту етіп алтын балық әкелді» дегенді естіп, кіруге патша өзі рұқсат береді.

Балықты көрген патша шалға:

- Сен өміріңде алтын балық ұстап көрген жоқ едің, мынаны кім ұстады? - деп сұрайды. Шал:

- Кішкентай ұлым ұстады, - деп жауап береді.

- Онда сол баланы жібер маған, - деп, шалды үйіне қайтарады. Бала келгенсін патша оған көп алтын береді, бала үйіне қуанып қайтады.

Оны естіген патша санаттары күншілік етеді. Олар патшаны былай деп азғырады:

- Бұл алтын балық жалғыз болмау керек. Оның жұбайын таптырып алыңыз балаға, - дейді. Патша санаттарының айтқан ұсынысын қабыл алады.

Баланы шақырып алып:

- Бұл балықтың жұбайын тауып әкел, - деп бұйырады. Сау басына сакина тілеп алған бала үйіне жылап келеді. Патшаның бұйрығын айтады, әкешесі де қатты киналады. Содан бала тағы да ау құрады. Ауына барса тағы да алтын балық ілігіп жатыр екен. Балықты алып тағы да патшаға апарып тартады. Патша қатты разы болғандықтан көп алтын қазына береді және кемпір-шалға жақсы сарай салдырып береді. Бұрын өлмесінің күнін кешкен шалдың үйі қазір кең бөлмелері бар, дүние-мүлкі мол, жақсы, сәулетті үйлердің қатарына кіреді. Мұны көрген патша санаттары өшпенділікті бұрынғыдан да күшейтеді. Олар енді баланы алысқа, «барса келместің» жолына жіберудің айналасын қарастырады. Олар патшаға келіп былай дейді: - Мәртебелі тақсыр, бұл бір тамаша іс болды. Тек бір келіспейтін жері алтын балық жай суда өмір сүре алмайды, оның дүниеде өзіне лайықты алтын суы да болуға тиісті, енді соны алдырыңыз, - дейді. Аңқау патша оған да иланады. Баланы шақыртып алып алтын су тауып әкелуге жұмсайды. - Орындамасаң дарға асып өлтіремін, - дейді патша. Бала үйіне қатты камығып келеді. Әкесі: «Тағы не әмір етті патша?» - деп сұрайды. Бала: «Алтын су тауып алып кел деді», - деп жылайды. Кемпір-шал мұны естігенде естерінен айырылады. Бір күні бала әкешесімен бақыл айтысып, алтын су іздеп алыс сапарға шығады. Ол неше орман, өзендерден өтіп, биік асулардан асып, елсіз-сусыз шөл далалар мен беталды құла түзбен жүре береді. Бір жерлерге келгенде қой баққан шалға кез болады. Қарияға сәлем беріп қолын алады. Шал баладан жөн сұрайды. Бала өзінің бағдаттық екенін, патшасының әмірі бойынша алтын су іздеп жүрген жан екенін айтады. Қойшы шал ұзақ ойланып, сөйлепті.

- Тегі ондай су бары бар, бірақ оған жетіп алып, қайту оңай іс емес, - дейді ол. Осы арадан қырық күншілік жол жүріп үлкен дарияға кез боларсың, одан кемеге мініп өтесің. Дарияның ол шеті мен бұл шеті өте қашық. Кеме жыл тәулігінде бір оралады. Кеме бергі жағада болса тез өтесің, арғы жағада болса бір жыл күтуіңе тура келеді, - дейді қария сөзін жалғап, - содан әрі тағы жүре бересің. Алдыңнан тас қорған көрінер, ол көрінгеннен кейін де он тәулік жол жүресің. Оның биіктігі қырық кез дейді айтушылар. Оны қыз патшасы билеп тұрады. Оның халқы да әйелден болса керек. Тұрғындары адам перісі дейді. Міне, осы шаһардың ішінде алтын сулы көл бар дегенді естігенім бар, шырағым, - дейді шал.

Бала одан әрі де ұзақ жүріп, қария айтқан дарияға келсе, керуен тиелген кеме жағадан жаңа ғана қозғалып барады екен. Жартастан кемеге секіріп береді бала. Сәті болғанда кеменің дәл үстіне түседі. Теңізден өтіп шығып неше тәулік жол жүргеннен кейін қыз патшасының тас қорғанына да жетеді, бірақ қорғанның биіктігі сондай, оның басына шығу былай тұрсын, тіпті, төбесіне караудың өзі қауіпті болады балаға. Бала қатты камығып, зарлап жылайды, дегенмен карап жата алмайды. Қорғанның сыртын айналып жүре береді. Ақырында бір қорғанға жанай шыққан зәулім терекке кезігеді. Бала соның бойымен өрмелеп қорғанның басына шығады. Қорған іші, бүкіл қала, тамаша бір нұрлы сәулеге бөленіп көз тұндырып тұр екен. «Бұл алтын судың сәулесі болар», - деп ойлады бала. Мұны көрген бала дәті шыдап аялдай

алмай қорғаннан ішке қарай секіреді. Содан кейінгіні өзі де сезбейді. Бір уақытта көзін ашса, бір үйдің ішінде жатыр екен. Үй ішіне көз салып қараса, тамаша көрікті үй екен, ешбір жан сезілмейді. Бір уақытта есіктен бойжеткен қыз кіреді. Қыздан бала сұрай бастайды.

- Мен кайда жатырмын?

- Сені қорғанның ішінде мүшкіл халде жатқан жеріңнен осы үйге алып келдім, бүгін үшінші күн, сен маған өз жайыңды баян етші! - дейді қыз.

- Мен Бағдаттан келемін, алтын су іздеп жүрмін, - дейді бала.

- Сенің іздеген суың осында бар. Бірақ, бұл жер сен үшін өте қауіпті, - дейді қыз. Мұнда, - дейді ол, - адам перісінің уалаяты тұрады. Патшамыз Қорлығайым деген қыз. Оның халқы да бір өңкей әйелдер, еркек адам аты мен болмайды. Егерде ер адам мұнда кезіксе өлтіреді, мен саған шынымды айтсам, өзім бұл араның адамы емеспін. Тегі, сол өзіңнің айтқан «Бағдат» шаһарынан болуым керек. Олай дейтінім, - дейді қыз, - патшамыздың маған «әй, Бағдат қызы» деп шақырғаны әлі есімде қалыпты. Мені осында жас кезімде көтеріп алып келсе керек. Сондықтан, - дейді қыз, - осы мен тұрған үйде көрінбей тұра бер. Білсе, сені де, мені де жок қылады. Сонымен бала көрінбестен қызбен бірге бірі апа, бірі іні есебінде тұра береді. Әлгі «Бағдат қызы» патшаның аспазшысы екен, ол күн сайын түрлі жемістерден басқа да әртүрлі тәтті өсімдіктерден тамақ жасап беріп тұрады екен, алайда тағамға тұз салу дегенді білмейді екен. Бір күні бала қалтасының түбінде жүрген бір кесек тұзды қазанға тастап жібереді. Сол күні асын ішкеннен кейін Қорлығайым аспазшы қызды шақырып алып: Бүгінгі асты кім пісірді», - дейді. Аспазшы қыз бүгінгі тамағының аса дәмді екендігін өзі де сезген болатын, сондықтан ол былай деп жауап береді:

- Таксыр патшам, мен сізге нағыз шынымды айтайын. Бұдан он бес жыл бұрын еш адамға қатыссыз жүкті болып бір қыз тудым, сол қызым қазір он бес жасқа жетті, бүгінгі асты пісірген сол, - дейді.

Патша өзінің санаттарын жиып алып:

- Қазір шаһардың халқын түгел алтын көлдің жағасына сапка тұрғызыңдар, - деп бұйырады. Әлгі аспазшы қыз да баланы қыздарша киіндіріп жиынға алып барады. Халық жиналып болған соң, дереу шешініп суға түсуге тәртіп беріледі. Сол уақытта баланың ер екені анықталады да, бір санатына патша баланың басын кесуге бұйырады. Баланың басын алмақшы болған патша санаты баланың көрікті жүзінен есі ауып құлайды. Екінші санаты да оның аяғын құшады. Бұған ашу шақырған патша балаға қылышын алып өзі ұмтылады. О да есі ауып құлайды. Есін жиып, Қорлығайым патша халқын таратады да, баланы өз сарайына енгізуге бұйырады. Сарайға келгенсін қыз патша

балаға айтады:

- Менің саған ықыласым түсті, сондықтан өлтірмедім. Ықтияр болсаң, саған тиемін және тағымды беремін, - дейді Қорлығайым.

- Қарсылығым жоқ, - дейді бала, - бірақ сізге қояр бір тілегім бар, қабыл алсаңыз.

- Айт! - дейді қыз патша.

- Мен елімнен шыққанда, патшамыздың әмірі бойынша, алтын су іздеп

шығып едім. Сол іздегенім сіздің шаһардан табылды. Соны патшамызға табыс етсем деймін. Тілегім осы, - дейді бала.

Патша баланың тілегін қабыл алып, Шолак пері деген бас санатына бұйрық береді: «Керекті мөлшерде алтын суды алып және мына баланы канатына отырғызып Бағдат патшасына жеткіз», - дейді. Бағдат патшасының сарайына алып келіп түсіреді де, Шолак пері былай дейді: «Патшанызға кіріңіз де, алтын балық жүзетін хауызды көрсетіңіз және, - дейді ол, - мен өзіне керек болған кезде, мынаны тұтата қоярсың», - деп шашынан екі тал жұлып береді.

Бала патшасына кіріп бұйрығын орындап келгенін айтып: - Хауызды қараңыз, - дейді. Қараса, хауыз алтын сумен лық толып тұрады. Оны көрген патша хисабы жоқ сыйлықтар береді. Бала үйіне барғанда әкешесі баласын танымай қалады. Қасірет пен қапалық шеккен сорлылар айтумен әрең таниды. Олар баласының аман келгендігіне үлкен той жасап жатқанда, патшаның жауыз санаттары баланы қалайда жоюға әрекеттеніп жатады. Олар тағы да патшаға келіп былай дейді: - Зор мәртебелі, патша ағзам! Дәрежеңіздің бұдан да жоғары болғанын шын ниетпен тілейміз. Сіздің алтын балығыңыз да бар, ол еркін жүзетін алтын суыңыз да болды. Әрине, тақсыр, бұған өзіңіздің данышпандығыңыз арқылы жетіп отырсыз. Екінші жағынан, біздің көмегіміз болғанын біліп отырсыз. Біздің сізге тағы бір берер кеңесіміз бар. - Айтыңыздар, бағалы ұсыныстарыңды тыңдауға әрдайым әзірмін, - дейді патша.

- Ол мынандай, дүниеде екі алтын құс бар дегенді естиміз. Енді соны алдырсаңыз, мәртебеңіз бұрынғыдан да артар еді, - деп азғырады олар.

Ақылсыз патша оған да иланады. Баланы шақырып алып екі алтын құсты тауып әкелуге бұйырады. Бұл жолы да бала үйіне қамығып келеді. Алайда ол

Қорлығайымға барып ақылдаспақшы болады. Шолак перінің екі тал шашын тұтатады. Сол-ақ екен, Шолак пері жетіп келіп, баланы алып қыз патшаға көзді ашып-жұмғанша жетіп барады. Бала қыз патшаға өз патшасының тапсырмасын - екі алтын құсты іздейтінін айтады. Қорлығайым оны да өзі табатынын ескертеді. Шолак періні өзінің басқа елде патша болып тұрған ағасына жұмсап былай дейді: - Қорлығайым қарындасың ерге шығатын болды, соның тойына шақырады және екі алтын құсын шашуға алып келсін деп айтты де, - дейді.

Қарындасының тойына екі алтын құсын алып, ағасы да келеді. Сөйтіп Қорлығайымның отыз күн ойыны, қырық күн тойы өткенсін, екі алтын құсты алып бала Шолак перінің канатына мініп еліне келеді. Патшаға екі алтын құсты тарту қылып тартқасын патша разы болып патшалық тағына отыруға балаға өз орнын береді. Сүйтіп, кемпір-шалдың баласы екі елді өзі билеп, Қорлығайымды әйелдікке алып, барша мұратына жетіпті. Қорлығайымға аспазшы болған бағдаттық қыз сол баланың туган апасы, кемпір-шалдың тұңғыш қызы екен. Оны бес жасында белгісіз нәрсе көтеріп алып кеткен екен. О да әке-шешесін көріп, қуанышқа кенеледі

Ұр, тоқпақ! (ертегі)

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір кедей болып, тұзақ құрып күнін көреді екен. Бір күні шал тұзағын келіп караса, бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға айтыпты:

– Сен мені босат! Менен не сұрасаң, соны бір жылдан кейін ал,— дейді.

Шал мақұл көріп, қазды босатып қоя береді. Үйіне келіп, жаңағыны айтса, кемпірі шалға ұрсады. Шал:

– Қой, сен түк білмейсің!— деп, сөзін тыңдамай, жүре береді.

Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Жүре-жүре, бір жерге келсе, өңкей түйе жайылып жүр екен. Келіп, түйешіден:

– Бұл кімнің түйесі?—десе:

– Бұл Қазбайдың түйесі,— дейді.

«Бұл Қазбай – баяғы қаз екен»,— деп шал ойланып тұрып, жүріп кетеді. Бір жерге келіп:

– Бұл кімнің қойы? – деп, қойшыдан сұрайды.

Қойшы:

– Бұл Қазбайдың қойы,– дейді. Шал жаңағы қойшы баладан:

– Шырағым, Қазбайдың бұдан басқа несі бар?– дейді.

Бала шалға:

– Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар. Біреуі: «Піс, қазаным, піс!»–десе, әр түрлі тамақ пісіп шығады, енді біреуі: «Құс, есегім, құс!»–десе, есегі алтын құсады, тағы біреуі: «Ұр тоқпағым, ұр!»–десе, адамдарды ұра береді,– дейді.

– Мақұл,– деп шал жүріп кетеді.

Шал Қазбайдың аулына келеді. Қазбай шалды күтіп алады. Шал Қазбайдан «Піс қазанын» сұрайды. Қазбай сұрағанын береді.

Шал алып үйіне келе жатса, бір жерде асық ойнап жатқан балалар шалға:

– Ата, асқа түс!– дейді.

Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып, шал балаларға:

– Шырақтарым! «Піс, қазаным, піс!» демендер,– дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң, балалар тыңдасын ба: «Піс, қазаным, піс!»– деп, шулап қоя береді.

Сүйдегенде, әртүрлі тамақ пісіп, даяр болады. Балалар қазанды айырбастап, алып калады.

Шал қазанды үйіне алып барып: «Піс, қазаным, піс!»— десе, еш нәрсе піспейді.

Шал қазанды алып, Қазбайдың үйіне қайта келеді. Қазбайға:

— Бұдан еш нәрсе шыкпады,— дейді.

Қазбай қазанды алып:

«Піс, қазаным, піс!»— десе, еш нәрсе шыкпайды.

Қазбай қазанның орнына шалға есекті беріп жібереді. Шал есекті алып үйіне қайтады. Жолда келе жатса, балалар шалға:

— Ата, аска түсіңіз!— дейді.

Шал асты тастағысы келмей, есектен түседі. Үйге кіріп бара жатып, балаларға:

— Шырактарым! «Құс, есегім, құс!» демендер,— дейді.

Балалар:

— Мақұл!— дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң-ақ, балалар: «Құс, есегім, құс»— десе, есек алтын құсады. Балалар есекті айырбастап, орнына басқа есек қояды.

Шал есекті алып үйіне кетеді. Кемпір:

— Қаздан барып алып келгенің осы ма?— дейді.

Шал есекке: «Құс, есегім, құс!»— десе, есек еш нәрсе құспайды. Шал есекті алып, Қазбайға тағы қайта келеді.

— Есек еш нәрсе құспайды,— дейді.

Қазбай есекті алып:

«Құс, есегім, құс!» десе, еш нәрсе құспайды.

Шалға Қазбай «Ұр тоқпағын» береді. Шал «Ұр тоқпақты» алып келе жатса, баяғы жерде тағы да балалар жүр екен.

Балалар шалға:

— Ата, аска түс!— дейді. Шал үйге кіріп бара жатып:

— Шырақтарым! «Ұр, тоқпағым, ұр!» демендер,— дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң, дәндеген балалар: «Ұр, тоқпағым, ұр!»—дейді. Тоқпак балалардың әрқайсысын ал кеп ұр! Ұрып жүр, ұрып жүр... Балалар тоқпакка жалынады: «Ойбай, «Піс қазаныңды», «Құс есегінді, берейік!»—дейді. Шал келе жатып, естіп қояды.

Шал келіп:

– «Піс қазанды», «Құс есекті» бересіңдер ме?— дейді.

Балалар:

– Мақұл! Әкеліп береміз!—дейді. Шал «Ұр тоқпакты қойғызады. Балалар «Піс қазанды», «Құс есекті» әкеліп береді. Шал «Піс қазанды», «Құс есекті», «Ұр тоқпакты» алып, үйіне келеді. Сөйтіп, мұратына жетеді.

Қызыл телпек

Ертеде кішкентай бір сүйкімді қыз өмір сүріпті. Анасы оны өте жақсы көреді екен. Әжесінің де ең сүйікті немересі еді. Бірде әжесі немересінің туған күніне қызыл телпек сыйлапты. Қыз әжесінің сыйлығын басынан тастамай киіп жүретін болыпты. Содан бері көршілері кішкентай қызды «Қызыл телпек» деп атап кетіпті. Бір күні анасы бәліш пісіріп, қызына:

– Қызым, мына бәліш пен бір құты майды әжеңе апарып, хал-жағдайын біліп қайтшы, – дейді.

Қызыл телпек:

– Жарайды, анашым, апарып берейін, – деп бәліш пен май салынған себетті алады. Анасының сөзін екі етпейтін Қызыл телпек әжесіне аттанады. Оған әжесі тұратын ауылға жету үшін орман арқылы өту керек еді. Қызыл телпек орманда жалғыз жүрудің қаншалықты қауіпті екенін білмеді. Сондықтан ол өлең айтып, гүл теріп, асықпай жүрді. Бір кезде орманның ішімен келе жатқан қыздың алдынан бір қасқыр шыға келеді. – Қызыл телпек, сен қайда барасың? – деп сұрайды қызды жегісі келген қасқыр.

– Мен әжемнің үйіне барамын, оған анамның пісірген бәлішін және бір құты май алып бара жатырмын, – дейді қыз.

Қызыл телпек қасқырдың жаман пиғылынан бейхабар еді. – Ал әжең қайда тұрады? – деп сұрайды қасқыр.

– Әжем бе? Ол орманның ар жағындағы ауылда, ауыл шетіндегі диірменнің жанында, диірменнің жанындағы бірінші үйде тұрады, – деп Қызыл телпек қасқырға әжесінің тұратын жерін дәл айтып береді. Бұл кезде жақын маңда отыншылар ағаш кесіп жатқан болатын. Қасқыр сол отыншылардың даусын естіп, қызға тиіспейді. Қызыл телпектің әжесінің тұратын жерін біліп алған ол алдымен әжесін жемек болады.

– Жарайды, мен де сенімен бірге сол ауылға барып, әжеңнің жағдайын сұрап қайтайын. Кел, екеуіміз жарысайық, әжеңе қайсымыз бірінші жетер екенбіз? Сен мына жолмен бар, мен ана жолмен жүрейін, – деп қасқыр өзіне ауылға апарар төте жолды тандап алады.

Қасқырдың ұсынысына келіскен қыз ұзақ жүретін жолға түседі. Ол жол - жөнекей асықпай гүл теріп келеді. Ал қасқыр алды - артына карамай, тура ауылға қарай бет алады. Қызыл телпектің әжесінің үйіне осылай ерте жеткен ол есікті қағады. – Тоқ - тоқ - тоқ!

– Бұл кім? – деп сұрайды әжесі.

Қасқыр дауысын жіңішкертіп:

– Әже, бұл мен ғой, немере қызың – Қызыл телпек, мен сізге қонаққа келдім, анамның пісірген бәліші мен бір құты майын ала келдім, – дейді.

Бұл кезде ауырып, төсек тартып жатқан әжей шынымен немересі келген екен деп ойлап: – Айналайын кызым, тұтқаның жанындағы жіпті тартсаң, есік ашылады, – дейді дауыстап. Қасқыр жіпті тартып қалады, сол кезде есік ашылады. Үш күн аш жүрген қасқыр баса көктеп кіріп келеді. Ашқарақтанып бірден әжейді бас салады да бүтіндей жұта салады.

Содан соң есікті жауып, басына әжейдің қалпағын киіп, көзіне көзілдірігін тағып, төсегіне жатады да қыздың келуін күтеді. Сәлден соң есікті Қызыл телпек қағады. – Тоқ - тоқ - тоқ!

– Бұл кім? – дейді жуан дауыспен, тойып алған қасқыр.

Қыз гүрілдеген дауысты естіп, қорқып кетеді. Артынша «Әжеме суық тиіп, дауысы содан өзгерген болар» деп ойлайды.

– Бұл мен, сіздің немереңіз – Қызыл телпекпін! Мені сізге анам жіберді. Бәліш пен бір құты май алып келдім. Қасқыр дауысын өзгерте қойып, жіңішке дауыспен:

– Тұтқаның жанындағы жіпті тарта ғой, кызым, сонда есік ашылады, – дейді. Қыз жіпті тартады, есік ашылып, үйге кіреді. Көрпемен бүркеніп жатқан қасқыр оған:

– Кызым, себетті үстелдің үстіне қойып, өзің менің қасыма кел, – дейді. Қызыл телпек бәліш пен май құйылған құты салынған себетті үстелдің үстіне қойып, қасқырдың жанына жақындайды. Қасқыр енді:

– Жолдан шаршаған боларсың, қасыма кеп жата ғой, – дейді. Әжем деп ойлаған Қызыл телпек қасқырдың жанына жатады да:

– Әже, әже, сіздің қолыңыз неге үлкен? – деп сұрайды.

– Сені катты құшағыма басу үшін, кызым.

– Әже, әже, құлағыңыз неге сондай үлкен?

– Сені жақсы есту үшін, кызым.

– Әже, әже, көзіңіз неге үлкен?

– Сені жақсы көру үшін, кызым. – Әже, әже, тісіңіз неге сондай үлкен?

– Сені тезірек жеу үшін, кызым - ау! – деп Қызыл телпекті бас салып, аяғындағы кебісі, қызыл телпегімен бірге жұта салады. Байғұс қыз айғайлап та үлгермейді. Бірақ, бақытына қарай, дәл осы сәтте үйдің қасынан бір отыншы өтіп бара жатқан еді. Отыншы қасқырдың дауысын естіп, үйдің терезесінен қарайды. Үй ішінде, төсекте орнынан қозғала алмай жатқан қасқырды көреді. Оның қампиған қарнына қарап, не болғанын бірден түсіне қояды. Отыншы жыртқышты ұстап алып, қарнын жарып жібереді. Қасқырдың ішінен Қызыл телпек пен әжесі дін аман шыға келеді. Отыншы қасқырдың қарнын қайта тігіп, бос қоя береді. Қызыл телпек пен әжесі отыншыға алғыстарын білдіреді. Әжесі шай қойып, немересі әкелген бәліштерді себеттен шығарып, дастарқан жаяды. Сөйтіп

үшеуі жақсылап тұрып шай ішеді. Әңгіме-дүкен құрады. Қасқырдың
сыбағасын қалай бергендерін айтып мәз болады.

Бауырсақ (орыс халық ертегісі)

Ерте-ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Шалы бір күні кемпіріне:

- Кемпір, кемпір, қамбаның түбін қақсаңшы, елеуішпен елеші, қарны ашқан шалына, бауырсақ пісіріп берсеңші, - депті.

Кемпірі калакша колға алыпты, қамбаның түбін қағыпты, елеуішпен елепті, табакшаға салыпты, екі уыс ұн болыпты.

Қаймакка ұнды илепті, дөңгелектеп алыпты, ыстық майға салыпты, Бауырсақты піскен соң, атай баппен жейді деп, суытуға қойыпты.

Бауырсақ суып жатыпты, жатып ойға батыпты, қашайын деп осы үйден, бір ойға нақ бекіпті. Жактаудан түсті сәкіге, сәкіден түсті еденге, табалдырықтан секіріп, жетіп барды сенекке. Сенектен сыртқа беттеді, аулаға шығып кетеді, аулаға шығып алған соң, домалап сокпак жолменен, ұзай-ұзай кетеді.

Жол бойымен домалап, келе жатса бауырсақ, қарсы алдынан тап келді, ұзын құлак Қоянақ. Сонда қоян Бауырсаққа:

– Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін, - депті.

Бауырсақ оған былай дейді:

– Жей көрме мені, Қояным, ән айтып берем, тыңдағын, - дейді.

– Жарайды, ендеше, айта ғой, - дейді Қоян.

Менің атым – Бауырсақ,
Қызарып пістім – көңлім шат.
Қамбаның түбін қырнаған,
Елеуішпен елеген.
Қаймакпенен илеген,
Күйдірмей майға пісірген.
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де сытылдым,
Қоян сенен құтылу,
Қиын емес – бұл маған!

Осылай деп, Бауырсақ домалады, аңқау Қоян аңырып тұрып қалды.

Бауырсақ зыр домалап жөнеледі, зыр домалап Бауырсақ келе жатса, алдынан сұры Қасқыр кездеседі.

– Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін, - дейді Қасқыр.

– Сұры Қасқыр, мені жемеші, ән салып берем, тыңдашы, - деп Бауырсақ әндете жөнеледі.

Менің атым – Бауырсақ,
Қызарып пістім – көңлім шат.
Қамбаның түбін қырнаған,
Елеуішпен елеген.
Қаймакпенен илеген,

Күйдірмей майға пісірген.
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де сытылдым,
Қояннан да құтылдым,
Қасқыр сенен сытылу,
Қиын емес – бұл маған!

Бауырсақ ары қарай домалады, аңырып Сұры қасқыр жолда қалды .

Домалап Бауырсақ тағы жөнеледі, алдынан Аю сонда кез келеді:

– Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін, - депті Аю.

– Жей көрме, Аю атайым, тыңдашы саған айтайын, - деп Бауырсақ әнін бастайды:

Менің атым – Бауырсақ,
Қызарып пістім – көңлім шат.
Қамбаның түбін қырнаған,
Елеуішпен елеген.
Қаймақпенен илеген,
Күйдірмей майға пісірген.
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де сытылдым,
Қояннан да құтылдым,
Қасқырдан да құтылдым,
Аю сенен сытылу,
Қиын емес – бұл маған!

Осылай деп, Бауырсақ домалады, аңырып Аю маймақ жолда қалды.

Бауырсақ домалаумен келе жатты, осылай талай-талай белден асты, домалап жол үстінде келе жатса, қу Түлкі жылмаң етіп келе қапты.

– Бауырсақ, домалап қайда барасың, - депті сонда Түлкі.

– Жол жүріп кетіп барамын, - депті Бауырсақ.

– Бауырсақ, Бауырсақ, мен сені жеп қоям! - депті Түлкі,

– Жемеші, Түлкі, ән салып берем мен саған! – депті Бауырсақ.

Бауырсақ сонда:

Менің атым – Бауырсақ,
Қызарып пістім – көңлім шат.
Қамбаның түбін қырнаған,
Елеуішпен елеген.
Қаймақпенен илеген,
Күйдірмей майға пісірген.
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де сытылдым,
Қояннан да құтылдым,
Қасқырдан да құтылдым,
Аюдан да сытылдым,
Түлкі сенен құтылу,
Қиын емес – бұл маған!

– Әнің жақсы-ақ, Бауырсақ, нашар еді бұл құлақ, тұмсығыма шығып ап, айтып берші кайталап, дауыстап бір қаттырақ, - депті сонда Қу Түлкі. Мактағанға мәз болды, тұмсығында Түлкінің, Бауырсақ солай ән салды.

Сонда Түлкі:

– Тамаша екен үнің де, тағы бір рет айтшы тыңдайын, отырып алып тілімде! – депті.

Бауырсақ Түлкінің ойын түсінбеді, ойланбастан тіліне секіреді, «Ап!», - дегенде Бауырсақ қу Түлкінің, Азуында әп сәтте күтірледі. Мактаншақтық – жақсы емес ей, балалар, - деген оймен бітірдік ертегіні.

Жетілак

Ертеде бір ешкінің жеті лағы болыпты. Біреуі қара, қалғандары ақ лак екен. Орманға баруға жиналған ешкі лактарын шақырып алып, ақылын айтады: - Шырақтарым, ешкімге есік ашпандар. Орманда қасқыр жүр. Мен келгенде -«Шырақтарым - лактарым, аналарың келді, сүт әкелді», - деп әндетемін. Осы кезде терезе сыртында тұрған қасқыр оның сөзін естіп қалады. Ешкі кетісімен қасқыр есікті қағып, өзінің жуан дауысымен оның әнін айтады. Бірақ лактар оның бөтен дауыс екенін біліп, есікті ашпайды. Қасқыр саудагерге барып бор сатып алды. Бордың бір кесегін жегенде даусы аздап жіңішкерді. Осы дауыспен ән айтып еді, лактар тағы алданбады. Қасқыр ұстаға барып, өзіне тамақ жасатып алды – даусы ешкінікі сияқты жіңішке болып шықты. Бірақ жаңа дауыстың да көмегі болмады – лактар аяғын көріп қойып, ашпай қойды. Қасқыр жылдам наубайшыға барып, аяғына себетін ұн сатып алды. Қасқыр есік алдына қайтіп келді, ақ аяғын лактарға көрсете созып тұрып әнге басты: «Шырақтарым – лактарым, аналарың келді, сүт әкелді». Қорықпандар, есік ашыңдар! Лактар сеніп есік ашты! Қасқыр үйге кіріп келгенде лактар жан - жакқа қашып, тығылып қалды. Қасқыр олардың бәрін де тауып, жеп қойды. Тек біреуін ғана байқамай қалды ол сағаттың артына тығылған еді. Қарны тойған қасқыр ағаш көлеңкесіне жата кетіп ұйқыға кірісті. Ұзамай ешкі үйіне оралды. Есікті итерсе, есік ашық тұр. Ешкі үйге кіріп, лактарын шақырады. Аман қалған лак қарсы шығып, болған жайды айтып береді. Ешкі мен лағы үйдің артына шығып қараса, қасқыр көгалда шалқасынан түсіп қорылдап жатыр екен. Ешкі мүйізімен қасқырдың қарнын жарып жібергенде алты лак шыға келеді. Бәріде аман - есен. Ешкі мен лактардың қуанышында шек болмады. Қасқыр оянбай тұрғанда ешкі оның қарынын таспен толтырып, қайта тігіп қояды. Шөлдеген қасқыр су ішпек болып құдыққа барады. Сол кезде ішіндегі ауыр тастар оны төмен тартып, қасқыр құдыққа құлады да, батып кетті.

Мақта қыз бен мысық

Бұл екеуі дос болып жүреді. Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады да мысықты шақырады. Мысық, келмейді. Қыз:

— Келмесең келме! — деп, мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң, мысық келіп:

— Неге шақырдың? — деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Сонан соң мысық:

— Ендеше қатығынды төгем! — дейді.

Мақта қыз:

— Мен құйрығыңды кесіп аламын! — дейді.

Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. Мысық:

— Апа, апа, құйрығымды берші! — дейді.

Мақта қыз:

— Менің қатығымды төле! — дейді. Мысық сиырға барады.

— Сиыр, маған қатық берші! — дейді.

Сиыр:

— Менің қарным ашып тұр. Маған жапырақ әкеліп берші! — дейді.

Мысық ағашқа барып:

— Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші! — дейді.

Ағаш:

— Мен шөлдеп тұрмын. Су әкелсең, жапырақ беремін, — дейді. Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көреді.

— Қыздар, қыздар, маған су беріңіздерші! — дейді.

Қыздар оған:

— Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, — дейді. Мысық дүкенге барады.

— Әй, дүкенші, маған сағыз берші! — дейді.

Дүкенші:

— Маған жұмыртқа бер, — дейді. Мысық тауыққа барады.

— Тауык, тауык, маған жұмыртка берші! — дейді.

Тауыктар:

— Бізге дән әкеліп берсең, біз саған жұмыртка береміз, — дейді.

Мысык: «Енді не қыламын?» — деп, бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысык тышқанды бас салады.

— Жаныңның барында айт! Үйіңде не бар? — дейді.

Тышқан қорыққанынан:

— Үйімде бір табак тарым бар, — дейді.

Мысык:

— Маған бір уыс тары бер, — дейді.

Тышқан үйіне барып, бір уыс тары әкеліп береді; мысык тарыны апарып тауыкка береді, тауык жұмыртка береді; жұмыртқаны апарып дүкеншіге береді; дүкенші сағыз береді; сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді; суды апарып ағашка береді; ағаш жапырағын береді; жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді; қатықты апарып Макта қызға береді, Макта қыз мысықтың құйрығын береді.

Қарлығаш пен дәуіт

Бір қарлығаш жардың қуысына ұя салып, өмір сүріпті. Қанаты қатпаған балапандары анасы азық әкелуге кеткенде, шыдамсыздана күтумен болады екен.

Бір күні балапандарды жемекке қарлығаштың ұясына жауыз жылан өрмелеп шығып бара жатады. Мұны көрген қарлығаш аспан мен жерді шарлап, шыр-шыр етіп, балапандарына арашашы іздейді. Көкектен көмек сұрай барса:

— Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ, — дейді көкек.

Одан шығып, қарғаға барса:

— Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма, — дейді. Қарлығаштың амалы таусылып, шырылдап ұшып келе жатады. Бір кезде дәуітті көреді. Дәуіт қарлығаштың шыр-шыр еткен дауысын естіп:

— Достым, неге зарлайсың? — деп сұрайды.

Қарлығаш сонда:

— Жауыз жылан балапандарымды жұтпақшы болып, ұяма өрмелеп жетіп қалды. Соған не істерімді білмеймін, — деп, қарлығаш көзінің жасын төгіп-төгіп жібереді.

— Олай болса, мені жеткіз тезірек, — дейді дәуіт. Қарлығаш қанатын тосады. Дәуіт жотасына шығып алады.

Көзді ашып-жұмғанша ұясына жетеді. Жылан ұяға тақап қалған екен. Дәуіт пен қарлығаш енді бір сәт кешіксе, балапандарды қылғып сап, жұмсақ ұяда масайрап ұйқтамақшы екен.

Дәуіт аяғымен шаба тырнап, жыланның екі көзін ағызып жібереді. Жауыз жылан сылқ етіп жерге құлап түседі де мерт болады.

Дәуіттің ерлігіне сүйсінген қарлығаш онымен айнымас дос болыпты. Содан бері талай заман өтсе де екеуі бір ұяда тұрып, бірге өмір сүреді екен.

Үйшік(орыс халық ертегісі)

Тышқан, бақа, қоян, түлкі, қасқыр, аю жайлы ертегі Жазық далада бір үйшік тұр. Шикылдауық тышқан тоқтай қалып сұрайды: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? Ешкім үн қатпады. Тышқан үйшікке кіріп өмір сүреді. Бақылдап бақа келеді: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шикылдауық тышқанмын. — Ал мен, бақылдаған бақамын. — Кел, бірге тұрайық! — деп бақа мен тышқан үйшікте бірге өмір сүреді. Секендеп қоян келеді. Тоқтай қалып сұрайды: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шикылдауық тышқанмын. — Мен, бақылдаған бақамын. — Ал сен кімсің? — Мен, секендеген қоянмын. — Кел, бізбен тұр! Енді олар үшеуі үйшікте тұрады. Терезені түлкішек-әпке тоқылдатады: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шикылдауық тышқанмын. — Мен, бақылдаған бақамын. — Мен, секендеген қоянмын. — Ал сен кімсің? — Мен түлкішек-әпкемін. — Кел, бізбен тұр! Енді олар төртеу болады. Жүгіріп келіп есіктен сұр қасқыр сұрайды: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шикылдауық тышқанмын. — Мен, бақылдаған бақамын. — Мен, секендеген қоянмын. — Мен, түлкішек-әпкемін. — Ал сен кімсің? — Мен, сұр қасқырмын. — Кел, бізбен тұр! Енді олар бесеу болады. Барлығы көңілді өмір сүріпті, ән айтыпты. Бір күні қорбандаған аю үйшіктен шыққан дауыстарды естіп, тоқтап айқайға салады: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шикылдауық тышқанмын. — Мен, бақылдаған бақамын. — Мен, секендеген қоянмын. — Мен, түлкішек-әпкемін. — Мен, сұр қасқырмын. — Ал сен кімсің? — Мен, қорбандаған аюмын. — Кел, бізге! Аю кірейін-кірейін деп, кіре алмайды. — Мен, шатырда тұрайын. — Бізді басып каласың. — Жок, қорықпаңдар. — Жарайды, шық. Аю отыра қалғанда үй: «тарс» — етіп құлады. Үйшіктен аман-есен: тышқан, бақа, қоян, түлкі, қасқыр қашып шықты. Барлығы бірігіп бөрене тасып, тақтай аралап үлкен үй салуға кірісті. Үйшіктері үлкен, биік, әдемі болып шықты!

Шалқан ертегісі (мультфильм)

Ерте бір заманда атай мен әжей өмір сүріпті. Олар бағбан екен және олардың бақшалары бар екен. Күндердің бір күнінде атай сол бақшасына шалқан отырғызады. Оның еккен шалқаны үп-үлкен болып өседі. Атай оны бір күні жерден суырып алмақшы болады. Ары -бері тартады бірақ ол шалқанды шығара алмайды. Атай көмекке әжейді шақырады. Әжей атайдан, атай шалқаннан ұстап, арлы-берлі тартады, бірақ тағы да оны орнынан қозғалта да алмайды. Әжей көмекке кішкентай немере қызын шақырады. Немересі әжейден, әжей атайдан, атай шалқаннан ұстап, ары-бері тартқылайды бірақ, тағы күштері жетпей шығара алмайды. Бір уақытта кішкентай немере қызы итін шақырады. Ит кішкентай қыздың етегінен, немере қызы әжейден, әжей атайдан, атай шалқаннан ұстап, ары -бері тартады. Бұл жолы тағыда шалқанды шығара алмайды. Бұл жолы ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит кішкентай қыздың етегінен, немере қызы әжейден, әжей атайдан, атай шалқаннан ұстап, ары-бері жүлқиды. Алайда шалқанды тағыда шығара алмайд